

ҰЛДЫҢ ҰЛЫҚТАДЫ

Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы, спорт шебері Ербол Дәулетбекұлын еске алуға арналған қазақ күресінен облыстық біріншілік спорт мектебінде ту көтерді. Ересектер арасында өткен бұл облыстық турнир үстіміздегі жылдың шілде айында Сәтбаев қаласында өтетін Азия чемпионатының алдындағы іріктеу жарысы да еді.

Ерболды еске алуға арналған облыстық турнирге Жезқазған, Балқаш, Қарағанды қалаларынан, Қарқаралы, Жаңаарқа, Ақтоғай, Шет аудандарынан сегіз команда баптап балуан әкелді. Жарыстың бас төрешісі, ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы, облыстық қазақ күресінің бас бапкері Диханбай Биткөзов төрелік еткен дүбірлі дода тартысты өтті.

Турнирдің ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Қ.Тілеубергенов сөз алып, ауданымыздағы спорт саласының дамуына, оның ішінде қазақ күресін дамытуға субелі үлес қосқан спорт ардагерлерінің еңбектеріне тоқтала келе,

төрешісі Д. Биткөзов палуандарға сәттілік тілеп, ақ тілектерін айтты. Дәулетбек Сәдуақасұлы баласы Ерболды ұмытпай еске алып, осындай үлкен жарыс ұйымдастырып отырған облыстық спорт басқармасына, аудан азаматтарына алғыс айтып, жас жеткіншек спортшыларға

Аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі



Қазақстан Республикасының спорт шебері Ербол Сәдуақасұлы еске алуға арналған Қазақ күресінен Қарағанды облысының Чемпионаты

Облыстық турнирге жұлқынып жеткен палуан



Облыстық турнирдің ашылу салтанаты



Палуандардың белдесу сәті

дардың белдесуін тамашалауға аудан тұрғындары жиналған. Кілемге шыққан палуандарға дем бере үн қосқан көрермендер сәтті өнер көрсеткендерге дүркірете қол соқты. Жеті салмақ бойынша бәске түскен спортшылардың арасынан өзгелерден қара үзіп шығып, қарсыласының жау-

жарысқа қатысушы жас палуандарға жеңіс тіледі. Мәдени-сауық орталығының әншісі Е.Ахметов арнау айтқан жарыс салтанатында облыстық дене тәрбиесі және спорт басқармасы бастығының бірінші орынбасары Е.Халилин Ақадыр кентіндегі спорт мектебі директорының орынбасары Елеусіз Сүлейменовке «Құрметті спорт қайраткері» төс белгісін тапсырды. Спорт ардагері С.Аманжолов, Ерболдың алғашқы жаттықтырушысы С.Жанасылов, жарыстың бас



Жеңіс тұғырында түйе палуандықты жеңіп алған Ержан Шыныкеев

биік тұғырдан көрінуді тіледі.

ырынын жер иіскеткен апайтөс азаматтар ауданымыздың намысын қорғаған 54 келіде Е. Омаров, 90 келіде Е. Түсіпхановтар болды. Олар өз салмақтарынан бірінші орынды жеңіп алып, жерлестерін қуантты. 60, 66, 74, 82 келіде «Жас сұңқар» спорт мектебінің палуандары М.Әбілдин, Ж.Сейсенбеков, Н.Назаров, Н.Халилиндер қарсыластарын қолға ұстамай бірінші орынды иеленді.

Қарқаралық Д.Әлімбаев, М.Исин, ақтоғайлық Н.Шәкіров, Қарағанды ішкі істер басқармасының палуаны Р. Ысқақов, жаңаарқалық А.Бәрменовтер өз салмақтары бойынша жұлделі екінші орындарды жеңіп алса, 90 келіде күрескен жерлесіміз Д.Қасымов үшінші орынды иеленді. 90 келіден жоғары салмақта күрескен «Жас сұңқар» спорт мектебінің палуаны М.Ахметбеков бірінші орынға ие болды.

Түйе палуандыққа белдескен 5 жігіттің төртеуінен басым түскен «Жас сұңқар» спорт мектебінің палуаны Е.Шыныкеев бас жұлдеге тігілген түрлі-түсті теледидарды қанжығасына байлады. Өз салмақтарынан бірінші орынға ие болған палуандар 2007 жылдың облыс бойынша чемпионы танылып, жарыстың арнайы медалімен, мақтау қағазымен, алғыс хаттармен марапатталып, бәріне де бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Ерболды еске алуға арналған турнирді марқұмның басына барып құран бағыштаудан бастаған достары, жерлестері демеушілік көрсетті. Ағайын-туғандары ас беріп, азаматын еске алған дүбірлі дода болашақ Қажымұқандардың да тұсауын кесті.

Еркебұлан АҚЫЖАНОВ, аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы.

Суреттерді түсірген Иманқұл ЖАҚЫП.